

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 2а, «Думан» қонақ үй кешені, «Парламент» залы мекен-жайы бойынша 2013 жылдың 21 мамырында 10 сағат 30 минутта мынадай күн тәртібімен акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

1. 2012 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту.

2. Қоғамның 2012 жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2012 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін бекіту.

3. Қоғамның 2012 жылғы жылдық есебін бекіту.

4. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2012 жылы қараудық қортындылары туралы мәселені қарау.

5. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2012 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат

6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2012 жылғы жұмысы туралы есепті бекіту.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 9 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама жылдық жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2013 жылдың 22 мамырында 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалған күні мен уақыты – 2013 жылдың 3 мамыры 00 сағат 00 минут.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен 2013 жылдың 30 сәуірінен бастап Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 12-ші қабат, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmgcp.kz сайтында таныса алады.